



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2023 жылы Қазақстан Республикасында өндірушілердің
көрсетілетін қызметтерге баға индексі

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Байгужинова Динара Жұмағалиқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Департамент директоры Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сол жағалау,
Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

di.baiguzhinova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74-92-87

S.2 Өзектілік-кіріспе

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индексі (бұдан әрі – ӨҚБИ) қызмет көрсету секторындағы ішкі өндірушілер бағасының өзгеруін сипаттайды және өндірушілер бағасы индексінің субиндексі болып табылады.

ӨҚБИ құрудың мақсаты көрсетілетін қызметтердің әртүрлі түрлеріне оны көрсету уақытындағы бағаның орташа өзгеруін өлшеу болып табылады.

Көрсетілетін қызметтерге өндірушілердің баға индексі:

- 1) көрсетілетін қызметтер секторындағы инфляция индикаторын алу үшін;
- 2) дефлятор ретінде ұлттық есеп жүргізу жүйесінде шығарылым немесе аралық тұтыну үшін;
- 3) көрсетілетін қызметтер секторы салаларының нақты көлем индексін есептеу үшін;
- 4) басқа да экономикалық-талдамалық мақсаттар үшін қолданылады.

ҚР СЖРА ҰСБ әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ "Атамекен" ҰҚП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстарын өткізеді, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс 1446 ҚР СЖРА ҰСБ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

2024 жылғы қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

2024 жылғы қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстері Қазақстан Республикасы бойынша, өкіл көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша пайызбен, бір тоқсанда әртүрлі салыстыру кезеңдеріне (есепті тоқсан өткен тоқсанға, өткен жылғы тиісті тоқсанға, өткен жылғы кезеңге, базалық жылдарға) есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру кезінде мыналар қолданылады:

1) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ), ол ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы Негізгі/Статистикалық жіктелімдер/Ұлттық бөлімінде орналастырылған;

2) Көрсетілетін қызметтер анықтамалығы (КҚСЖ), ол ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы Негізгі/Статистикалық жіктелімдер/Анықтамалық бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Экономиканың зерттелетін сегменттері қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес мынадай бөлімдерде ұсынылған:

- 52 «Жүктерді қоймаға қою және қосалқы көлік қызметі», оған жүктерді қоймаға қою мен қосалқы көлік қызметі, сонымен бірге көлік инфрақұрылымын пайдалану (мысалы, әуежайлар, порттар, туннельдер, көпірлер және т.б.), сондай-ақ көлік агенттіктерінің қызметі және жүкті көліктік өңдеу кіреді;

- 62 «Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер», оған бағдарламалық қамтамсыз етуді әзірлеу, түрлендіру, тестілеу және бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау; компьютерлік жабдықтарды, және коммуникациялық технологияларды біріктіретін есеп жүйелерді жоспарлау және жобалау; ақпараттық технологиялармен байланысты жергілікті басқару және клиенттердің есеп жүйелерін пайдалану және (немесе) деректерді өңдеу және басқа кәсіби және техникалық қызмет түрлері қызметі кіреді;

- 63 «Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет», оған деректерді өңдеу және орналастырумен байланысты қызметті, сондай-ақ әсіресе ақпараттарды ұсынуға жататын қызметтің өзге де түрлері кіреді;

- 73 «Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу», оған жарнама компанияларын құру мен жүргізу және газеттерге және басқа да мерзімді басылымдарға, радио мен телевизияға немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама орналастыру, сондай-ақ демонстрациялық беттер мен сайттарды жасау кіреді;
- 77 «Жалдау, прокат және лизинг», оған автомобильдерді, компьютерлерді, тұтыну тауарларын, өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды қоса алғанда, материалдық және материалдық емес активтерді жалға беру және лизинг, клиенттерге мерзімдік жалдау немесе лизингтік төлемге айырбастау кіреді.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1) Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға өзгерісін байқау Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, ол ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы Экономика/Баға статистикасы/Әдіснама бөлімінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде www.adilet.zan.kz қолжетімді.

Әдістемеде келесі анықтамалар пайдаланылады:

- агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлердегі неғұрлым ірі жиынтықтарға біріктіру;
- бағаларды тіркеу – жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;
- бағаның агрегатталған индексі – жекелеген ішкі топ, топ немесе жалпы зерттелетін құбылыс бойынша баға өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және бағаның жеке индекстері негізінде қалыптастырылады;
- бағаның жеке индексі – зерделенетін жиынтықтың (нақты тауардың, қызметтің) бір элементі бағаларының өзгеруі;
- базалық объект – байқауға және ондағы бағаларды тіркеуге іріктелген заңды тұлға;
- ерекшелік – бағаны тіркеу үшін іріктелген, жеке тауарды сәйкестендіру үшін қолданылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізбесі;
- жіктелім – қабылданған белгілеріне сәйкес ұқсастықтары мен өзгешеліктері бойынша көптеген объектілерді топтарға бөлу;
- индекс салмағы – олардың жалпы жиынтығында әрбір жеке элементтің маңыздылығын көрсететін шама;
- қызмет түрі – қызмет түрлері жіктелімінің едәуір ірілендірілген санаттарын сипаттайтын өнімнің (тауарлар және көрсетілетін қызметтердің) біртектес жинағын құру үдерісі. Заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі – қосылған құны заңды тұлға жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асып түсетін қызмет түрі. Заңды тұлғаның қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнім (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) өндіру мақсатында негізгі қызметтен басқа жүзеге асырылатын қызмет түрі;
- өкіл көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметтің сапасына және қызмет көрсетудің негізгі қасиеттеріне әсер етпейтін және өзінің тұтынушылық белгісі бойынша біртектес, болмашы өзгешеліктерімен

ерекшеленетін топтағы белгілі бір қызметтердің жиынтығы;
- салмақтау – жиынтық көрсеткіштерді алу үшін индекстік есептеулерде қолданылатын және тікелей қосындылауға жатпайтын әртүрлі тауарлардың, қызметтердің өлшемдестігін қамтамасыз ететін рәсім;

- салмақтау сызбасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық дәрежелері бойынша айқындалған өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтердің) нақты түрлері салмағының жиынтығы.

2) Деректерді жинау құралдары - «Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағалары туралы есеп» (индексі 1-Ц (көрсетілетін қызметтер)), кезеңділігі - тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

Статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Респонденттерге»/«2024 жылғы статистикалық нысандар»/«Тоқсандық нысандар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индексінің статистикалық объектісі – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосалқы түрлері: 52, 62, 63, 73, 77 болып табылатын іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағасын байқау үшін базалық объектілерді іріктеу үшін бас жиынтық статистикалық бизнес-тіркелімнің және экономикалық қызметтің іріктелген түрлеріндегі көрсетілген қызметтердің көлемдері қызмет көрсету статистикасының деректері болып табылады.

Бағалық байқау үшін көрсетілетін қызметті іріктеу екі кезеңнен тұрады және әрбіреуінде оларды іріктеу үшін сәйкесінше өлшемшарттар қолданылады.

Бірінші кезеңде қолданыстағы стандартты жіктелімдер және зерттелетін нарықтардың жағдайын көрсететін деректер негізінде бағалық байқау үшін көрсетілген қызметтердің анықталған тізбесі іріктеледі. Экономикалық қызметтің осы түрі үшін неғұрлым маңызды және мәнді көрсетілетін қызметтің барлық түрлері қосылады. Тізбе республикалық деңгейде әзірленеді және ӨҚБИ-ді қалыптастыруға арналған бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

Екінші кезеңде көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесіне және нарық конъюнктурасын зерделеуге сәйкес репрезентативті өкіл көрсетілетін қызметтер іріктеледі. Көрсетілетін қызметтің әрбір түрінен бір немесе бірнеше өкіл қызмет таңдалады. Іріктелген өкіл көрсетілетін қызметті көрсету көлемі оның құрылымында басым үлес салмақты иеленеді. Репрезентативті өкіл көрсетілетін қызметтер тізбесіне мынадай қызметтер қосылады:

- 1) заңды тұлғалардың өндірістік қызмет үдерісінде тұрақты түрде өндірілетін және қолданылатын;
- 2) өзгермейтін сапалы параметрлері және бірыңғай өлшем бірлігі бар;
- 3) ақпаратты жинау тұрғысында қолжетімді, ал олардың бағалық

өзгерістері көрсетілетін қызметтің осы тобына тән.

Бір өкіл көрсетілетін қызмет шеңберінде көрсетілетін қызметтердің түрлерін қамту оның бағасын анықтау үшін қажетті техникалық және сапалық сипаттамаларды қамтитын ерекшеліктерді құрумен қамтамасыз етіледі.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Өндірушілердің сақтау бойынша қызметтерге және қосалқы көлік қызметтеріне баға индексі 2017 жылдан бастап қалыптастырылады.

Өндірушілердің жарнама және нарықты зерттеу саласындағы қызметтерге баға индексі 2018 жылдан бастап қалыптастырылады.

Өндірушілердің жалға беру бойынша қызметтерге баға индексі 2020 жылдан бастап қалыптастырылады.

Өндірушілердің компьютерлік бағдарламалау бойынша қызметтерге, кеңес беру және осыған ұқсас қызметтерге баға индексі және ақпараттық қызметтерге баға индексі 2022 жылдан бастап қалыптастырылады.

S.4.9 Базалық кезең

Өндірушілердің сақтау бойынша қызметтерге және қосалқы көлік қызметтеріне баға индексі, өндірушілердің жарнама және нарықты зерттеу саласындағы қызметтерге баға индексі, жалға беру бойынша қызметтеріне өндірушілердің баға индексі = 2020 жыл.

Компьютерлік бағдарламалау бойынша қызметтерге, кеңес беру және осыған ұқсас қызметтерге өндірушілердің баға индексі, ақпараттық қызметтерге өндірушілердің баға индексі = 2021 жыл.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

тоқсан

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

5. "Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №

324 бұйрығымен бекітілген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) ҚР СЖРА ҰСБ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ҚР СЖРА ҰСБ есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі қалыптастырылады.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі ҚР СЖРА ҰСБ/Пайдаланушыларға/ www.gov.kz МОИРБП орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz интернет-ресурстарында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

S.10 Тарату жиілігі

тоқсан

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасында өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстері» электрондық кестелер қызметтердің барлық түрлері бойынша саластырудың барлық кезеңдерінде республика бойынша өндірушілердің қызметтерге баға индекстері туралы деректерді қамтиды.

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы Негізгі/ Экономика/ Баға статистикасы/Электрондық кестелер бөлімінде тоқсан сайын жарияланады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" АТЖ <https://taldau.stat.gov.kz> «Баға статистикасы» бөлімінде

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Жоқ

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 324 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 16 қыркүйекте №14726 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы Негізгі/Әдіснама/Баға статистикасы және www.adilet.kz сайтында қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, визуалдық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде, әкімшілік деректермен, салааралық);
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- салмақтау сызбаларын жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесі халықаралық ұйымдардың сараптамасынан өтпейді, өйткені ол өндірушілердің баға индекстерінің құрамындағы субиндекс болып табылады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағасының индексі пайдаланушылардың қызмет көрсету секторындағы инфляция көрсеткішінде қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсында ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға онлайн түрінде сауалнама жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағасының есептелген индекстерінің дәлдігі мен сенімділігі байқаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізумен қамтамасыз етіледі. Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесі халықаралық стандарттарға негізделген, онда базалық объектілерді іріктеуге, бағаларға статистикалық байқау жүргізуге және көрсеткішті есептеу рәсімдеріне қойылатын талаптар белгіленген. Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағасын зерттеу үшін байқаудың таңдамалы әдісі қолданылады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен байланысты емес қателер есептелмейді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдаланғандықтан бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

"Шартты" бағаны есептеу әдістері Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейін 25-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жыл сайын бекітіледі және жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерінің серпінділік қатары салғастырмалы және үзіліссіз:

- сақтау бойынша қызметтер және қосалқы көлік қызметтер үшін 2017 жылдан;
- жарнама және нарықты зерттеу саласындағы қызметтер үшін - 2018 бастап;
- жалға беру бойынша қызметтер үшін - 2020 бастап;
- компьютерлік бағдарламалау бойынша қызметтер, кеңес беру және осыған ұқсас қызметтер және ақпараттық қызметтер үшін - 2022 бастап.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Әдістеме Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банкі дайындаған "Өндірушілер бағасының индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе" және "Көрсетілетін қызметтерге өндірушілердің баға индекстерін әзірлеу бойынша Еуростаттың және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының әдіснамалық нұсқаулығы" бойынша қағидаттар мен ұсынымдарды есепке ала отырып әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстері ішкі келісілген болып табылады. Сақтау және қоймаға қою бойынша қызметтерге бағаның өзгеруінің өндіруші кәсіпорындардың электр энергиясына бағасының өзгеруімен келісушілігі төменде келтірілген.

2023 жылы сақтау және қоймаға қою бойынша қызметтерге және өндіруші кәсіпорындардың электр энергиясына бағасының өзгеруі

өткен тоқсанға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



2023 жылы сақтау және қоймаға қою бойынша қызметтерге бағаның өзгеру серпіні және өндіруші кәсіпорындардың электр энергиясына бағасының өзгеруі ұқсас болды.

S.19 Жүктеме

Бағаларды жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін типтік енгізу қателерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Басқа зерттеулермен қайталанбайды.

Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру деректердің екі ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау схемасы) және өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағасының өзгеруі.

Салмақтау схемалары орталықтан жалпы республика бойынша қалыптастырылады. Олардың құрылысы байқауға енгізілген

көрсетілген қызметтердің көлемі туралы құндық деректерді бөлуге негізделген.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

тоқсандық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

«Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге бағалары туралы есеп» 1-Ц (көрсетілетін қызметтер) статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште қолма-қол аумақтық статистика бөлімшелеріндегі «Бір терезеге», почталық байланыс қызметтері арқылы немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру ҚР СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында орналастырылған (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) «Респонденттің кабинеті» арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Ең төменгі және ең жоғары баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары; баға деңгейін өткен айдың баға деңгейімен салыстыру және т.б. "Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұрын іріктелген өкіл көрсетілетін қызметтерді қайта қарау және ауыстыру жыл басында салмақтау сызбасын өзгертумен жүргізіледі. Бағалық қатардың үздіксіздігін сақтау үшін ерекше жағдайларда жыл ішінде оларды ауыстыруға рұқсат етіледі. Жыл ішінде баға тіркеу кезінде экономикалық қызметтің сәйкес түрлерінде көрсетілген қызметтерге уақытша болмаған бағаны ауыстыру қажеттілігі туындайды. Уақытша болмаған өкіл көрсетілетін қызмет бағасын ауыстыру "шартты" бағаны қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Мынадай ауыстыру әдістері қолданылады:

- 1) өткен кезеңдегі бағаға тең "шартты" бағаны қолдану;
- 2) ұқсас ерекшеліктерімен (сипаттамаларымен) осыған ұқсас көрсетілетін қызмет түрлерінің баға өзгерісіне түзетілген "шартты" бағаны қолдану;
- 3) басқа базалық объектілердегі осыған ұқсас өкіл көрсетілетін қызмет түрлерінің баға өзгерісіне түзетілген "шартты" бағаны қолдану.

2023 жылы өкіл көрсетілетін қызметтерді ауыстыру жүзеге асырылған жоқ.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.